

## **1. Он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы кімге тағайындалады.**

Қазақстан Республикасының «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңына сай, аз қамтылған отбасыларға 18 жасқа дейінгі балалардың әрқайсысына 1,05 АЕК мөлшерінде (2385 теңге), жәрдемақы төленеді. Бұл жәрдем ақы, азық-түлік себетіне сай төленеді. Бұл күнкөріс деңгейінің 60% (12251 теңге).

Азық-түлік себетінің мөлшерін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен тоқсан сайын мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне қарай пайыздық мәнде орта есеппен жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы негізінде айқындайды.

Балаларға арналған жәрдемақыларды тағайындау үшін, өтініш беруші тұрғылықты тұратын жері бойынша балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға немесе Халыққа қызмет көрсету орталығына өзінің және барлық отбасы мүшелерінің ЖСН болған кезде өтінішті және мынадай құжаттарды қоса ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат);

сондай-ақ оралмандар үшін – оралман куәлігі;

2) баланың (балалардың) тууы туралы куәлігі (куәліктері) не туу туралы акті жазбасынан үзінді;

3) өтініш беруші ұсынған мәліметтер баланың туу туралы куәлігіндегі мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда неке қию (бұзу) туралы куәлік;

4) құжаттардың түпнұсқаларының негізінде толтырылған осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес отбасының құрамы туралы мәліметтер;

5) осы Ережеге 18, 19-қосымшаларға сәйкес отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер;

6) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;

7) балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеуді немесе бала асырап алуды растайтын құжат;

8) жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті ұйымның банктік шот нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат